КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 07 наурыз №7119-24-00-2/2005 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫЛАР:
Астана қаласы әкімдігінің «№54 «Нұр-Ай» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны,
Астана қаласы әкімдігінің «№87 «Қадыр» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

ЖАУАПКЕР:
«Жазбаев» атты жеке кәсіпкер Ақберген Қонайұлы Жазбаев

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

2024 жылғы 15 қаңтарда Астана қаласы әкімдігінің «№54 «Нұр-Ай» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – ҚҚК-1) мен «Жазбаев» атты жеке кәсіпкер Ақберген Қонайұлы Жазбаев (бұдан әрі – ЖК) арасында 2024 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №2 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін талап қоюшыға бағасы 145 678 теңге құрайтын деректерді беру бойынша қызметтерді көрсетуге, ал ҚҚК-1 тапсырыс беруші ретінде қызметтерді қабылдап алуға және олар үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімде техникалық сипаттамаға сәйкес қызметтерді көрсетпеген және 2024 жылғы 22 қаңтарда жолданған хат арқылы бас тартқан.

2024 жылғы 15 қаңтарда Астана қаласы әкімдігінің «№87 «Қадыр» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі –

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Ғ., 07.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 16.04.2024, судья Жақсыбаев А. Ғ., 16.04.2024
7119-24-3-1/1610

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ККК-2) мен ЖК арасында 2024 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №4 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2023 жылдың 28 желтоқсанына дейін талап қоюшыға бағасы 156 788 теңге құрайтын деректерді беру бойынша қызметтерді көрсетуге, ал ККК-2 тапсырыс беруші ретінде қызметтерді қабылдап алуға және олар үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімде техникалық сипаттамаға сәйкес қызметтерді көрсетпеген және 2024 жылғы 22 қаңтарда жолданған хат арқылы бас тартқан.

Осыған байланысты, талап қоюшылар соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2024 жылғы 15 қаңтарда тараптар арасында шарттар жасалған.

Шарттардың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай қызметтерді көрсету мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсан.

Талап арызда өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген, АПК-нің 267-3 бабының 6-тармағына сәйкес өткізілген жеке процессуалдық әрекеттерде жауапкер өз пайдасына тиісті дәлелдемелерді ұсынбаған.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкер шарттың талаптарын бұзған.

Осыған орай, қазіргі уақытта тараптар араларындағы шарттар бұзылған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Г., 07.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.04.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 16.04.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шарты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшылар Астана қаласы әкімдігінің «№54 «Нұр-Ай» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мен Астана қаласы әкімдігінің «№87 «Қадыр» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер «Жазбаев» атты жеке кәсіпкер Ақберген Қонайұлы Жазбаевқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Жазбаев» атты жеке кәсіпкер Ақберген Қонайұлы Жазбаев мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Жазбаев» атты жеке кәсіпкер Ақберген Қонайұлы Жазбаевтан мемлекет кірісіне 3 692 (үш мың алты жүз тоқсан екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 07.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.04.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 16.04.2024